2. Жалпы оқушылар бірыңғай мектеп формасын сақтау керектігі қолға алынсын.
3. Ата-аналар мен мектеп арасындағы байланыс күшейтілсін.

Мектеп директорының м.у.а.

Г.Тагаева

Ата-аналар комитетінің төрайымы:

Н.Момбеков

Тәлімгер:

Ұ.Абдуллаева

Хатшы:

А.Лесова



«№7 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінде 2023-2024 жаңа оқу жылының басталуына байланысты өткізген  
ата –аналар жиналысының хаттамасы

Өткен мерзімі: 26.10.2023 жыл  
Қатысушылар: Мектеп директорының м.у.а: Г.Утебаева  
Ата-аналар комитетінің төрағасы: Н.Момбеков  
Тәлімгер: Ұ.Абдуллаева

Абай ауылы

Ата-аналар- 75  
Сынып жетекшілер-36

**Күн тәртібінде:**

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу жайында баяндама (ДТЖО Г.Тагаева)
2. Маусымдық лагерьге жіберілетін оқушылар, тегін ыстық тамақпен, жолдамалармен, өзге де материалдық көмекпен қамтамасыз ету (ДЖІЖО Е.Абубакиров)
3. Басқа да мәселелер

**Тыңдалды:**

Ата-аналар комитетінің төрағасы Момбеков Нұрбек күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып сөз кезегін берді.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Тагаева сөзге шығып, өздеріңізбен өткен оқу жылының мамыр айындағы ата-аналар жиналысында бекітілген «Мектептің ішкі тәртіп ережесі» бойынша әрбір оқушы мектепке мектеп формасында келуі керек дей келе «Мектеп формасы» және «Мектептің ішкі тәртіп ережесін бекіту» бойынша бекітілген мектеп ережесін оқып берді.

Әрбір бала 18 жасқа толғанша оқуына, киіміне, тәрбиесіне ата-аналар жауапты екенін айтты. Мектебімізде өткен оқу жылында хиджаб (орамал тағатын) киген оқушылар мектепте жоқ екенін айта келе олардың ата-аналарына заң талаптарын түсінгеніне рақметін айтты. Түнде сағат 22:00 ден кейін оқушылардың көшеде жүруіне болмайтынын, мешітке ата-аналарынсыз баруға болмайтынын, сабақтан қалдырмауды айтты.

2023-2024 оқу жылында мектеп оқушылары арасында психологиялық зерделеу жұмысы болғандығын, кемшіліктерді жою жөнінде айтылды. Сол үшін әрбір ата-ана, сынып жетекшілер балалармен жеке сөйлесу, әрекеттерін қадағалау керек. Жеке немесе отбасында отырғанда өмірге деген құштарлығын арттырып, жақсы мысалдар келтіріп, жақсы сөздер айтып, мектепте үйірмелерге қатысуына ықпал ету керектігін айтты.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Тагаева мектептің ата-анамен, отбасымен байланысын нығайту жайында кеңінен тоқталды. Мектеп-оқушы-ата-ана триадасы жұмысы сапасының қазіргі уақытта тиімділігін нақты мысалдармен түсіндірді.

Г.Тагаева кәмелет жасына толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жөнінде баяндама оқыды.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Е.Абубакиров жазғы лагерьге жіберілген оқушылар, тегін ыстық тамақпен, жолдамалармен, өзге де материалдық көмекпен қамтамасыз ету барысында атқарылып жатқан жұмыстарға толыққанды тоқталды.

Ата-аналар комитетінің төрағасы Н. Момбеков өз сөзінде оқушылар жаңа оқу жылына мектепке келгелі хиджабта (орамал тағатын) келетін оқушылар жоқтығын

және де бұрын соңды да мектеп ауласында орамалмен жүретін оқушылар болмағандығын айтып өтті.

Жарыссөзге мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Бекбаева, пән мұғалімдері Ұ.Есенбекова, Э.Қуандықова, ата-аналар М.Оразбаев, Н.Сәрсенов, т.б. ата-аналар өз ойларын ортаға салды.

Жиналысқа қатысушылар жоғарыда айтылғандарды тыңдап талқылай келе төмендегідей шешімге келіп,

### Қаулы етті:

1. Маңызды да өзекті болып табылатын бала тәрбиесінің дұрыс жолға қойылуы қадағалансын.
2. Жалпы оқушылар бірыңғай мектеп формасын сақтау керектігі қолға алынсын.
3. Ата-аналар мен мектеп арасындағы байланыс күшейтілсін.
4. Мектеп-оқушы-ата-ана триадасы жұмысы сапасы арттырылсын.
5. Маусымдық лагерьге жіберілетін оқушылар, тегін ыстық тамақпен, жолдамалармен, өзге де материалдық көмекпен қамтамасыз ету бақылансын.
6. Мектеп инспекторы Т.Садырбаевпен біргелікте құқықбұзушылықтың алдын алу жұмысы жалғастырылсын.

Мектеп директорының м.а.

Ата-аналар комитетінің төрағасы:

Тәлімгер:

Хатшы:



Г.Утебаева

Н. Момбеков

Ұ.Абдуллаева

А.Лесова



«№7 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінде ата –аналар жиналысының

**Хаттамасы**

**Өткен мерзімі:** 09.02.2024 жыл

**Қатысушылар:** Мектеп директоры: Е. Шаймаханов

Ата-аналар комитетінің төрағасы: Н. Момбеков

Ауыл биі : Н. Избасаров

ДТІЖО : Е. Абубакиров Г. Тагаева

Тәлімгер: Ұ. Абдуллаева

Ата-аналар- 82

Сынып жетекшілер-35

**Күн тәртібінде:**

1. Мектеп оқушыларының қатысуы, кешігуі ,формасы. « Баяндама»  
Тәрбие орынбасары Г. Тагаева

2. Екі тоқсан бойынша оқушылармен атқарылған жұмыстар. Педагог -  
психолог А. Шойғараева

3. Түрлі мәселелер

**Тыңдалды:**

Ата-аналар комитетінің төрағасы Н. Момбеков күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып сөз кезегін берді.

Бірінші мәселе бойынша мекетеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Тагаева сөзге шықты. Оқушыларды тәртібі мен тәрбиесіне көңіл бөлу керектігін түсіндірді . Күнделікті әр күні 1-сабаққа білім алушыларды сынып жетекшілер мектеп фойесінде сағат 7:30-дан бастап күтіп алады. Мектеп директоры мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары 1-сабақта әр сыныптағы сабаққа қатысып отырған оқушы санын тексереді. Бастауыш сынып оқушыларынан 1-2 ғана ауырып қалған жағдай болмаса түгел қатысады. Оқушылардың сабаққа кешігіп келу динамикасы 100-ден 52-ге түсті. Кешігіп келетіндердің басым бөлігі 8-11 сынып білім алушылары. Кейбіреулері ұйықтап қалып, 2-сабаққа келеді. Сондықтан құрметті ата-аналар, перзенттеріңізді ертерек оятып, таңғы шайын беріп, мектепке ерте келулерін айтты.

«Мектептің ішкі тәртіп ережесі» бойынша әрбір оқушы мектепке мектеп формасында келуі керектігін ескертті. Қыз баланың тәрбиесіне қатты көңіл бөліңіздер. Қызыңызбен досыңыздай сырласыңыз, оның кіммен дос болып, күнделікті не істеп жүргенінен хабардар болыңыздар. Өйткені, қыз баланың ең жақын аяулы досы ең бірінші анасы болуы қажет.

## Қаулы:

1. Балалардың мектептен тыс уақыттағы әрекеттерін бақылау және ата-аналар арасында оқушылардың құқықбұзушылығының алдын алуды түсіндіру үшін, ата-аналар арасындағы түрлі түсініспеушіліктерді шешу үшін мобильді топ құрылсын. Мобильді топ құрамы төмендегідей бекітілсін:

Момбеков Нұрбек

Оразбаев Марат

Избасаров Нұржан

Абубакирова Жанар

Налибаева Жұмагул

2. Оқушылардың сабаққа келуі кешікпеуі және қайту барысы ерекше бақылауға алынсын.

3. Әрбір ата-ана баланың телефонын бақыласын, сабақ уақытында пайдаланбау жөнінде нұсқаулық жүргізілсін.

Мектеп директоры

Ата-аналар комитетінің төрағасы:

Хатшы



**Е. Шаймаханов**

**Н.Момбеков**

**Ұ.Абдуллаева**

**№ 7 жалпы орта мектеп білім беретін  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

## **Баяндама**

# **Құқық бұзушылықтың алдын алу**

**2023-2024 оқу жылы**

## Құқық бұзушылықтың алдын алу

Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу.

Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр, себебі өмірлік қиын жағдайға душар болған жасөспірімдердің саны азаяр емес. Бұл санатқа, көбінесе отбасылық жағдайы нашар, демалыс мезгілі ойластырылмаған, өздеріне өздері бас болып жүрген балалар жатады.

Құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында оқу жылының басынан бері біздің мектепте атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып кетсем. Оқу жылының басында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында жүргізілетін іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілген болатын. Жоспарда сәйкес бекітілген іс-шаралар өткізіліп отырды.

Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу және де құқық бұзушылықпен күресуде көмек көрсету мақсатында мектебімізде «Полицияға Жәрдемдесу Жедер Тобы» құрылды. Сонымен бірге, бүгінде мектебімізде спорттық үйірмелер құрылған.

Қылмыстың алдын алудың бірден-бір жолы – оқушылардың мектептен тыс уақытта қосымша біліммен қамтылуын дұрыс ұйымдастыру. Бүгінгі күні мектептегі мектептен тыс оқушы қосымша біліммен қамтылып отыр.

Осы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында бүгінгі таңға дейін аудандық ішкі істер бөліміне оқушымыз тіркелмеген болатын.

Жалпы, құқық тәртібін бұзуға бейім балалар қайдан шығады? Жасыратыны жоқ, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасаған, сөйтіп ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шығады. Ал енді бір тобы кейбір ата-аналардың бала тағдырына аландамауынан, оларды өз

2

беттерінше қалдырып, мектептен тыс уақыттарында немен айналысып жүргендерін қадағаламауынан пайда болады. Сондықтан тәртібі нашар оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізуден жалықпау керек.

«Ел болам десең, бесігінді түзе» деп атамыз қазақ айтқандай, бүгінгі жастар еліміздің болашағы. Жастар қоғамымыздың жүрек дүрсілі, өзегі. Ұлтымыздың өсуі де, өшуі де жастарға тікелей байланысты. Жастар туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне қызмет етуге парыздар. Ол үшін әрбір жас еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халқымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жан жақты сезінуі керек.

Азаматтың міндеті - заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан өзіне жүктелген міндетін орындау. Өйткені заң дегеніміз өмірдің нәрі. Заңның мықтылығы атында емес, адалдығы мен әділдігінде. Заңның ең басты мақсаттарының бірі – қоғамдағы алуан мінезді адамдарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Занды білмеу – құқықтық мәдениеттің елеулі кемшілігі. Занды білмеу, оны бұзу жауапкершіліктен құтқармайды.

Әрбір бала Қазақстан

Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандығын, ар-ожданы мен қадір-қасиетін, Республиканың мемлекеттік нышандарын құрметтеуге, еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға, тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауға, табиғатты сақтауға және табиғи байлықтарға ұқыпты қарауға міндетті.

Сонымен қатар ата-анасы немесе басқа да заңды өкілдері өздерінің қабілеті мен қаржы мүмкіндіктері шегінде баланың жан-жақты дамуы үшін қажетті жағдай жасауға міндетті.

Ата-анасы баланы тәрбиелеуге, оны күтіп-бағуды жүзеге асыруға, материалдық жағынан қолдап, оның әл-ауқатына қамқорлық жасауға, тұрғын үймен қамтамасыз етуге міндетті.

Баланың ата-анасы, басқа да заңды өкілдері, мемлекеттік органдар, сондай-ақ баланы тәрбиелеу мен оған білім беру функциясын жүзеге асыратын ұйымдар салауатты өмір салтын және алкогольді өнімдер мен темекі бұйымдарының зиянды екенін насихаттауға міндетті.

Ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу мен оқыту жөніндегі міндеттерді орындамауы — жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. 13874 тенге

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет — жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға 39640 тг не он бес тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады

Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін ойын-сауық мекемелерінде болуы — заңды өкілдеріне үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады- 5946

Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғынжайдан тыс жерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін болуы — заңды өкілдеріне ескерту жасауға әкеп соғады.

Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер — заңды өкілдеріне он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. 29730 тг.

Жоғарыда аталған заңды нормативтік құжаттардың мақсаттары мен міндеттерін толық баяндап жеткізудегі мақсатымыз: жастар арасында тәртіп орнату, тұлғалардың дербес жауапкершілігін арттыру, қылмысты болдырмау жолдарын дамытып, жандандыру. ол сіздермен біздің бірлесіп

отырып, яғни мектеп пен ата-ана болып жұмыс жасағанда ғана жүзеге аспақ. Сонда жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтар азайып балаларымыз құқылы, дербес ортада өмір сүреді. Тағдыр таразысының қалай қарай ауатыны – бесіктің қалай тербелетіне байланысты дегендей, бүгінгі ұрпақ ертең мемлекеттің тұтқасын ұстар бір азамат. Жастар туған мемлекетімізді баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне қызмет етуге парыздар екенін сезініп жетілуі тиіс. Жігері жалын боп жанып, өрелі өрге талпынған бүгінгі белсенді жастар мемлекет еңсесінің биік тұғырының берік қалануына сүбелі үлес қосып жатса, қазақтығы қанында азаматтығы жанында буырқанған бөрі тәңірлі еліміздің рухының мықты екендігінің айғағы емес пе? Меже биік, межеден табылу абырой. Құрметті ата-аналар, бірге жұмыла жұмыс жасайық.

А. Жамаева,  
МҰ ЖОАҚ директорының  
тәртіп ісін қолында  
орынбасары,



**№ 7 жалпы орта мектеп білім беретін  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

## **Баяндама**

**Білім алушылардың сабаққа кешігіп келуі  
және тәртібі**

**2023-2024 оқу жылы**



## **БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ 1-АУЫСЫМДАҒЫ 1-САБАҚҚА КЕШІГІШ КЕЛУІ**

Құрметті ата-аналар, әр күні 1-сабаққа білім алушыларды сынып жетекшілер мектеп фойесінде сағат 7:30-дан бастап күтіп алады. Мектеп директоры мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары 1-сабақта әр сыныптағы сабаққа қатысып отырған оқушы санын тексереді. Бастауыш сынып оқушыларынан 1-2 ғана ауырып қалған жағдай болмаса түгел катысады. Оқушылардың сабаққа кешігіп келу динамикасы 100-ден 52-ге түсті. Кешігіп келетіндердің басым бөлігі 8-11 сынып білім алушылары. Кейбіреулері ұйықтап қалып, 2-сабаққа келеді. Сондықтан құрметті ата-аналар, перзенттеріңізді ертерек оятып, таңғы шайын беріп, мектепке жіберулеріңізді сұраймыз.

Баланы себепсіз мектептен қалдырмаңыздар. Мектепке себепсіз 10 күн келмеген баланың ата-анасына айыппұл салынатындығын естеріңізге салғым келеді. Қазақстан Республикасының 30-бабына сәйкес орта білім беру міндетті деп көрсетілген. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы «Неке және отбасы жөніндегі» Заңының 62-бабы, 3-тармағында ата-ана баласының орта білім алуын қамтамасыз етуге міндеттеледі.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 49-бабы, 2-тармағының 4-тармақшасында ата-анасы немесе заңды өкілдері балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге міндетті. Жоғары келтірілген заңдарды бұзу әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғатыны назарыңызға жеткізіледі.

Атап айтқанда, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің 409-бабы, 2-тармағында ата-аналардың немесе өзге заңды өкілдердің Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасында көзделген міндеттерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы айыппұл салуға әкеп соғады.

### **ҚЫЗ БАЛАНЫҢ ТӘРБИЕСІ**

Қыздардың ата-аналары, сіздерден өтініш: оқушы қыз мектепке шашын жинап, боянбай, тырнағын өсірмей келуі керек. Айына бір рет болатын қыздар кеңесінде қаншама рет түсіндіріп жатқанымызбен кейбіреулер айтқанға құлақ аспайды. Сондықтан біргелікте тәрбиелейік, құрметті ата-аналар.

Қыз баланың тәрбиесіне қатты көңіл бөліңіздер. Қызыңызбен досыңыздай сырласыңыз, оның кіммен дос болып, күнделікті не істеп жүргенінен хабардар болыңыздар. Өйткені, қыз баланың ең жақын аяулы досы ең бірінші анасы болуы қажет. Күнделікті күйбең тіршілік пен немқұрайдылықтың арқасында ауданымыздағы бір ауыл мектебінің 7 сынып оқушысы ұл босанды. Қызының аяғы ауыр екенін өз анасы білмеген. Ең сорақысы: қыз өзінің бір үйде тұратын ағасымен жыныстық қарым-қатынаста болған.

Өкінішке орай, отбасыда дұрыс тәрбие берілмегендіктен оқушылардың арасында боқауыз, былапыт сөздерді мағынасына түсінбей айтатындар бар.

Оның мағынасын түсінбей құрдастары іліп алып қолданатыны өзегінді өртейді.

Тәрбие саласында өркендерді патриоттық рухта тәрбиелеуге барынша атсалысудамыз. Ұлдар мен қыздарға бір-бірінді кекетпендер, мазақтамандар, ренжіткен болса өзара төбелеспей, тәрбие ісі жөнінде орынбасарға айтындар. Мәселені шешуге жәрдем береміз деп қаншама рет ескерткенімізге қарамастан келеңсіз жайттар орын алғаны өкінішті.

2024 жылы 30 қаңтар күні 6 және 8 сыныптың оқушы қыздары мектептен қайтар жолда сағат 19:20-лар шамасында төбелесіп, екі жақтың ата-аналары бір-біріне қарсы арыз жазып, қылмыстық іс ашылды. Дене жарақатын алған қыз ауруханада жатыр. Баласының тәрбиесіне дұрыс қарамағаны үшін екі ата-анаға да айыппұл тағайындалады.

### **Құқық бұзушылықтың алдын алу**

Жалпы, құқық тәртібін бұзуға бейім балалар қайдан шығады? Жасыратыны жоқ, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасаған, сөйтіп ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шығады. Ал енді бір тобы кейбір ата-аналардың бала тағдырына аландамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс уақыттарында немен айналысып жүргендерін қадағаламауынан пайда болады. Сондықтан тәртібі нашар оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізуден жалықпау керек. Өкінішке орай 2 оқушымыз аудандық ішкі істер бөлімінде есепке алынған.

«Ел болам десең, бесігінді түзе» деп атамыз қазақ айтқандай, бүгінгі жастар еліміздің болашағы. Жастар қоғамымыздың жүрек дүрсілі, өзегі. Ұлтымыздың өсуі де, өшуі де жастарға тікелей байланысты. Жастар туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне қызмет етуге парыздар. Ол үшін әрбір жас еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халқымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жан жақты сезінуі керек.

Азаматтың міндеті - заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан өзіне жүктелген міндетін орындау. Өйткені заң дегеніміз - өмірдің нәрі. Заңның мықтылығы атында емес, адалдығы мен әділдігінде. Заңның ең басты мақсаттарының бірі – қоғамдағы алуан мінезді адамдарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Заңды білмеу – құқықтық мәдениеттің елеулі кемшілігі. Заңды білмеу, оны бұзу жауапкершіліктен құтқармайды.

Әрбір бала Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандығын, ар-ожданы мен қадір-қасиетін, Республиканың мемлекеттік нышандарын құрметтеуге, еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға, тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қам-қарекет жасауға, тарих және мәдениет ескерткіштерін

сақтауға, табиғатты сақтауға және табиғи байлықтарға ұқыпты қарауға міндетті.

Сонымен қатар ата-анасы немесе басқа да заңды өкілдері өздерінің қабілеті мен қаржы мүмкіндіктері шегінде баланың жан-жақты дамуы үшін қажетті жағдай жасауға міндетті.

Ата-анасы баланы тәрбиелеуге, оны күтіп-бағуды жүзеге асыруға, материалдық жағынан қолдап, оның әл-ауқатына қамқорлық жасауға, тұрғын үймен қамтамасыз етуге міндетті.

Баланың ата-анасы, басқа да заңды өкілдері, мемлекеттік органдар, сондай-ақ баланы тәрбиелеу мен оған білім беру функциясын жүзеге асыратын ұйымдар салауатты өмір салтын және алкогольді өнімдер мен темекі бұйымдарының зиянды екенін насихаттауға міндетті.

Ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу мен оқыту жөніндегі міндеттерді орындамауы –жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. 13874 тенге

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға 39640 тг не он бес тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады

Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін ойын-сауық мекемелерінде болуы –заңды өкілдеріне үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады- 5946

Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғынжайдан тыс жерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін болуы –заңды өкілдеріне ескерту жасауға әкеп соғады.

Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер –заңды өкілдеріне он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. 29730 тг.

Жоғарыда аталған заңды нормативтік құжаттардың мақсаттары мен міндеттерін толық баяндап жеткізудегі мақсатымыз: жастар арасында тәртіп орнату, тұлғалардың дербес жауапкершілігін арттыру, қылмысты болдырмау жолдарын дамытып, жандандыру сіздермен біздің бірлесе отырып, яғни мектеп пен ата-ана болып жұмыс жасағанда ғана жүзеге аспақ. Сонда жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын аламыз.

**Тагаева Г.А.,**  
**директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.**

**«№7 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде  
Абай ауылындағы әділ билер жанында құрылған топ пен ата-аналардың кездесуінің  
хаттамасы**

**Өткен мерзімі:** 20.02.2024 жыл

**Қатысушылар:** Мектеп директоры: Е.Шаймаханов

Ата-аналар комитетінің төрағасы: Н.Момбеков

Абай ауылы әкімдігінің маманы: Ә.Мұхамедалиева

КАИБ ювеналды полиция инспекторлары: Т.Садырбаев, Т.Қоштаев

Ата-аналар- 75

Сынып жетекшілер-35

**Күн тәртібінде:**

1. Мектеп директоры Е.Шаймаханов сабаққа кешігуді тоқтату мен ұялы телефонды қажетті кезде қолдану жайында.
2. Ауыл биі Н.Избасаров ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты барынша нығайту туралы.
3. Аудандық ішкі бөлімінің полиция инспекторлары: Т.Садырбаев пен Т.Қоштаев құқықбұзушылық, әлімжеттік, лудоманияның алдын алу жайында.
4. Аудандық қоғамдық кеңестің мүшесі Ж.Абдраимов мектептегі даналық, әкелер, аналар, ағалар, жеңгелер мектебінің жұмысын барынша жандандыруға атсалысу жайында.
5. Ата-аналар комитетінің төрағасы Н.Момбеков ата-ананың перзенті алдындағы борышын терең сезінуге шақыру.
6. Басқа да мәселелер

**Тыңдалды:**

Ата-аналар комитетінің төрағасы Н.Момбеков күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып сөз кезегін берді.

Мектеп директоры Е.Шаймаханов әр күні 1-сабаққа білім алушыларды сынып жетекшілер мектеп фойесінде сағат 7:30-дан бастап күтіп алады. Мектеп директоры мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары 1-сабақта әр сыныптағы сабаққа қатысып отырған оқушы санын тексереді. Бастауыш сынып оқушыларынан 1-2 ғана ауырып қалған жағдай болмаса түгел қатысады. Оқушылардың сабаққа кешігіп келу динамикасы 100-ден 52-ге түсті. Кешігіп келетіндердің басым бөлігі 8-11 сынып білім алушылары. Кейбіреулері ұйықтап қалып, 2-сабаққа келеді. Сондықтан құрметті ата-аналар, перзенттеріңізді ертерек оятып, таңғы шайын беріп, мектепке жіберулеріңізді сұраймыз.

Ауыл биі Н.Избасаров ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты барынша нығайту туралы өз ойын ортаға салды. Бала тәрбиесі өте күрделі мәселе екенін айтты. «Баланы бастан» дейді дана халқымыз. Ендеше бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, ата-ана, мектеп, біз-сіз болып ынтымақпен жұмыс жүргізсек, «Тәрбиесі қиын бала» болмаған болар еді.

Аудандық ішкі бөлімінің полиция инспекторлары: Т.Садырбаев пен Т.Қоштаев құқықбұзушылық, әлімжеттік, лудоманияның алдын алу жайында кеңінен тоқталды. Ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу мен оқыту жөніндегі міндеттерді орындамауы –жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. 13874 тенге. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға 39640 тг не он бес тәулікке дейін әкімшілік қамалға алуға әкеп соғады. Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін ойын-сауық мекемелерінде болуы – заңды өкілдеріне үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады – 5946. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғынжайдан тыс жерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін болуы – заңды өкілдеріне ескерту жасауға әкеп соғады. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза

колданылганнан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – заңды өкілдеріне он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 29730 тг. айыппұл салуға әкеп соғады.

Жоғарыда аталған заңды нормативтік құжаттардың мақсаттары мен міндеттерін толық баяндап жеткізудегі мақсатымыз: жастар арасында тәртіп орнату, тұлғалардың дербес жауапкершілігін арттыру, қылмысты болдырмау жолдарын дамытып, жандандыру. ол сіздермен біздің бірлесе отырып, яғни мектеп пен ата-ана болып жұмыс жасағанда ғана жүзеге аспақ. Сонда жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтар азайып балаларымыз құқылы, дербес ортада өмір сүреді. Тағдыр таразысының қалай қарай ауатыны – бесіктің қалай тербелетіне байланысты дегендей, бүгінгі ұрпақ ертең мемлекеттің тұтқасын ұстар бір азамат. Жастар туған мемлекетімізді баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне қызмет етуге парыздар екенін сезініп жетілуі тиіс.

Аудандық қоғамдық кеңестің мүшесі Ж.Абдраимов мектептегі даналық, әкелер, аналар, ағалар, жеңгелер мектебінің жұмысын барынша жандандыруға атсалысу жайында айтты. Бұл мектептердің қоғам өмірінде атқарар міндеті зор: өмірлік қиын жағдайларға тап болған ата-аналармен сұхбаттасып, оқушылармен қоғамға жат әрекеттер мен құқық бұзушылықтың алдын алады. Отбасы құндылықтарын қалпына келтіріп, салт-дәстүрлерді дәріптейді.

Ата-аналар комитетінің төрағасы Н.Момбеков кейбір әкелердің мектепке жиналысқа келуге намыстанатынын, перзентінің болашағына немқұрайдылық танытатынына ашынды.

Жарыссөзге мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Тагаева, пән мұғалімдері Ұ.Есенбекова, Ә.Уканова, Н.Жорабай, ата-аналар С.Оразымбетов, Қ.Медетбаев, т.б. ата-аналар өз ойларын ортаға салды.

Жиналысқа қатысушылар жоғарыда айтылғандарды тындап, талқылай келе төмендегідей шешімге келді.

#### Қаулы:

1. Сабакқа кешігу тоқтатылып, ұялы телефонды қажетті кезде қолданылсын.
2. Ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты барынша нығайтылсын.
3. Құқықбұзушылық, әлімжеттік, лудоманияның алдын алынсын.
4. Даналық, әкелер, аналар, ағалар, жеңгелер мектебінің жұмысын барынша жандандырылсын.
5. Ата-ананың перзенті алдындағы борышын терең сезінуге шақыру жалғассын.

Мектеп директоры:

Е.Шаймаханов

Ата-аналар комитетінің төрағасы:

Н.Момбеков

Хатшы:

А.Лесова



**«№7 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде көктемгі демалыста кәмелет жасына толмағандардың арасында құқықбұзушылыққа, зорлық-зомбылыққа, суицидке жол бермеуді түсіндіру мақсатында өткізілген ата-аналар жиналысының хаттамасы**

**Өткен мерзімі:** 20.03.2024 жыл

**Қатысушылар:** мектеп директоры Е.Шаймаханов

Ата-аналар комитетінің төрағасы Н.Момбеков

**Ата-аналар:** 50

**Сынып жетекшілер:** 35

**Күн тәртібінде:**

1. Көктемгі демалыста кәмелет жасына толмағандардың арасында құқықбұзушылыққа, зорлық-зомбылыққа, суицидке жол бермеу (ДТЖО Г.Тагаева)
2. Абай ауылындағы мектептерде кәмелет жасына толмағандар арасында жасалған құқықбұзушылықтар жайында (Келес аудандық ІІБ ювеналды полиция тобының инспекторы, полиция капитаны Т.Садырбаев)
3. Басқа да мәселелер.

**Тыңдалды:**

Ата-аналар комитетінің төрағасы Н.Момбеков күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып, сөз кезегін мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Тагаеваға берді. Ол көктемгі демалыста кәмелет жасына толмағандардың арасында құқықбұзушылыққа, зорлық-зомбылыққа, суицидке жол бермеуді түсіндіру үшін ата-аналар жиналысын өткізу жайында аудандық білім бөлімі тарапынан тапсырма берілгенін айтты. Өйткені, өкінішке орай, елімізде алдыңғы жылдармен салыстырғанда құқықбұзушылық көрсеткіші 15 пайызға (940-тан 1143-ке жеткен), жыныстық қолсұғылмаушылыққа қатысты қылмыстар 1 пайызға артты (613-тен 616-ға жетті). Суицид 48%-ға өсті (94-тен 139-ға жетті). Суицид жасауға әрекеттену 11%-ға өсті (201-нан 233-ке жетті). Осыған байланысты балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар үкімет тарапынан қабылданды.

Мектеп оқушылары арасында буллингтің белең алуы тек мұғалімдерді ғана емес, ата-аналарды да алаңдатуы керек. Баланың құқығы ерте жастан бұзылса және оған психологиялық соққы болатын буллинг жасалса, еліміздегі суицид көрсеткіші ешқашан төмендемейді. Буллингтің шығу себебі: 1-5 жас аралығында баланың ата-анасы тарапынан қамқорлық сезінбеуімен байланысты. Сол үшін бірінші кезекте ата-ана ретінде баланың жеке шекарасын, өзіндік қалауын сыйлау білуіміз қажет. Ерлі-зайыптылар өз арасында болып жатқан зорлық-зомбылықты тоқтатып қана қоймай, баланың бөлек төсекте, бөлек бөлмеде жатуын қамтамасыз етсе игі. Егер бала отбасында қамқоршысы бар екенін, әке-шешесінің өзін өзгеден қорғай алатынын сезінсе, ешуақытта мұндай ситуацияға тап болмайды. Бала үшін

өзін сынамай, ұрыспай, ұрмай-соқпай, тыңдай білетін ата-анасының бар екенін білу маңызды. Балалардың 80%-ы өзінің буллинг құрбаны екенін әкешесіне айтпайды. Өйткені Әке-шешесінің өзін қорғай алатынына сенбейді. Яғни баламен достай сырласа білу маңызды. Буллингпен бетпе-бет кездескенде шындыққа тура қарай білу – баламыздың құрбан немесе агрессор екенін мойындау пайдалы. Ата-ана міндетті түрде баласының жағында болып, мектепке барып, мәселені шешуге атсалысуы, түрткі болуы керек. Ал ең бастысы – отбасындағы зорлық-зомбылықты тоқтату керек деп сөзін түйіндеді Г.Аманбекқызы.

Мектеп инспекторы, полиция капитаны Т.Есіркепұлы жуырда О.Есімов атындағы жалпы білім беретін мектептің 8 сынып оқушысы 3-қабаттағы терезеден секіріп, аудандық аурухананың жан сақтау бөлімінде жатқанын айтты. Ата-аналарға перзенттерін кешкі сағат 22:00-ден кейін қоғамдық орындарда қараусыз жүргізбеуге шақырды. Наурыз айының 21-31 күндері аралығында мектеп мұғалімдері, полиция және прокуратура қызметкерлері тарапынан құрылған мобильдік топтар рейдке шығатынын хабарлады. Мектеп жасындағы балалардың қоғамдық орындарда, үлкен дүкендер мен жанар-жағар май құю бекеттерінің маңында жарамазан айтуына болмайтындығын, асығамын деп байқамай автокөліктің астына түсіп кету қаупі жоғары екендігіне толыққанды тоқталды.

Ата-аналар комитетінің төрағасы Н.Момбеков ораза кезінде кешке тарауих намазын оқуға барғысы келген кәмелет жасына толмаған білім алушының жанында әкесі немесе ағасы болғаны дұрыс деді. Ораза ұстаған білім алушы сабақтан қалуына, дайындалмай келуіне болмайды.

Жиналысқа келген ата-аналардан Гүлжауһар апа, Г.Жанкараева, Қ.Медетбаев өз ойларын ортаға салды.

Жиналысқа қатысушылар жоғарыда айтылғандарды тыңдап, талқылап, төмендегі қаулыны қабылдады.


#### ҚАУЛЫ:

1. Көктемгі демалыс кезінде білім алушылардың өмірі мен қауіпсіздігіне жауап беру жауапкершілігі толық ата-анаға жүктелсін.
2. Кәмелет жасына толмаған білім алушылардың арасында зорлық-зомбылықтың, құқықбұзушылықтың, лудоманияның, буллингтің алдын алуға ата-аналар да атсалыссын.
3. Наурыз айының 21-31 күндері, ораза аяқталғанша, яғни 10 сәуірге дейін мешітте тарауих намазын оқуға баратын кәмелет жасына толмаған білім алушының жанында ата-анасы болуы қажет.
4. Ата-ананың перзенті алдындағы жауапкершілігін терең сезінуге шақыру жалғастырылсын.

Мектеп директоры:

Ата-аналар комитетінің төрағасы:

Хатшы:



Е.Шаймаханов

Н.Момбеков

А.Лесова